

ӨОЖ 338.43.02

Ә.Е. Қалиева*, Н.А. Алдабергенов

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: assemkalieva@gmail.com

Жаһандану және заманауи интеграция жағдайында елдің ауылшаруашылық секторының бәсекеге қабілеттілігі – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің факторы

Мақалада ауылшаруашылығы саласының ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін және азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ететін негізгі фактор ретінде қарастырылады. Мақалада статистикалық мәліметтер негізінде елдің жаһандану жағдайындағы, атап айтқанда Кедендік одаққа интеграция жағдайындағы ауылшаруашылықтың мүмкіндіктері мен әлеуеті талданған. Елдің ауылшаруашылығы саласындағы бәсекеге қабілеттілік жағдайының тежеуші мәселелері мен аталған сектордың мүмкіндіктері талқыланған.

Түйін сөздер: азық-түліктік қауіпсіздік, жаһандану жағдайы, интеграция, ауылшаруашылығы, бәсекеге қабілеттілік, ауылшаруашылықтың өнім, өндіріс.

A.E. Kaliyeva, N.A. Aldabergenov

The competitiveness of the agricultural sector of the country as a factor in ensuring food security in the context of globalization and the integration of modern

This article dedicates the analysis of the agricultural sector of the country, which is seen as a factor of competitiveness of the economy in general and food security in the country. On the basis of the data analyzed statisticheskikh possibilities and potential of the country's agriculture in the context of globalization, including in the context of regional integration in the Customs Union. It also gives examples constraining competitiveness of agriculture and the opportunities in this sector.

Key words: food security, globalization, integration, agriculture, competitiveness, agricultural products, manufacturing.

A.E. Калиева, Н.А. Алдабергенов

Конкурентоспособность сельскохозяйственного сектора страны как фактор обеспечения продовольственной безопасности в условиях глобализации и современных интеграций

Данная статья посвящается анализу сельскохозяйственного сектора страны, который рассматривается в качестве фактора как обеспечения конкурентоспособности экономики страны в целом, так и обеспечения продовольственной безопасности внутри страны. В статье на основе статистических данных анализируются возможности и потенциал сельского хозяйства страны в условиях глобализации, в том числе в условиях региональной интеграции в Таможенный союз. Также приведены примеры сдерживающих конкурентоспособность сельского хозяйства и возможности данного сектора.

Ключевые слова: продовольственная безопасность, глобализация, интеграция, сельское хозяйство, конкурентоспособность, продукция сельского хозяйства, производство.

Бүгінгі таңда, күшейіп келе жатқан жаһандану және үдемелі интеграция жағдайында, экономикалық аймақтар мен Кедендік одақтар арасында аймақтық серіктестіктің рөлі артып келеді. 2010 ж. үш мемлекеттің: Қазақстан, Ресей және Беларусьтің бастамасы бойынша осы елдердің Кедендік одағы (КО) құрылған болатын.

Кедендік одақтың қалыптасқан уақытынан бастап сыртқы сауда көрсеткіштері артып келеді,


бұл өз кезегінде одаққа қатысушы елдердің экономикаларына оң әсер етеді. Сонымен қатар, жалпы азық-түліктік және ауылшаруашылығы өнімдерінің нарқында бәсекелестік деңгейі де артты. Қазақстандық өнімдердің экспортында КО елдерінің үлесінің қысқаруы, және қазақстандық нарыққа келетін тауарлардағы үлесінің артуы тенденциясы байқалып отырғандығын атап өту қажет. Осыған орай,

Қазақстанның Кедендік одақтың азық-түліктік нарығындағы мүмкіндіктерін кеңейту, отандық ауылшаруашылық және азық-түліктік өнімдердің сыртқы нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін күшейту бағыттарына қатысты мәселелер өзекті болып табылады.

Кедендік одақтың қызмет етуінен бастап қатысу мемлекеттердің сауда-саттық қарым-қатынастарында елеулі өзгерістер болып жатыр. 2010-2013 жж. ортақ өзара сауда айналымы 47,1 млрд АҚШ долларынан 64,1 млрд АҚШ долларына дейін артты. Өз кезегінде, 2014 жылдың бірінші жарты жылдығында өзара сауда-саттық көрсеткіштері 32,8 млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2013 жылдың сәйкес кезеңінің деңгейінен 10,7% кем. Өзара сауда айналымының аталған кезеңде төмендеуі металл және одан жасалатын өнімдермен (27%-ға

қысқарды) өзара сауданың, былғары шикізат және олардан жасалатын өнімдермен (24,5%-ға қысқарды), минералды өнімдермен (қысқару 13%-ды құрады), химиялық өндіріс өнімдерімен (қысқару 9,9%), машиналар, құрал-жабдықтар және транспорттық құралдармен (қысқару 7,9%), азық-түліктік тауарлар және ауылшаруашылық өнімдермен (4,7%-ға қысқарды) өзара сауданың азаюы есебінен болды [1].

Бұл ретте КО қатысушы елдердің арасындағы өзара сауда айналымының құрылымында негізгі үлесті минералды өнімдермен сауда алатынын атап өткен жөн. 2014 жылдың қаңтар-шілде айларындағы саудада оның үлесіне 32,7% немесе жалпы көлемнің 10,7 млрд АҚШ доллары тиесілі болды. Өз кезегінде азық-түліктік тауарлар және ауылшаруашылық өнімдермен сауданың жалпы көлемдегі үлесі 13,6% құрады.



1-сурет – Мемлекеттердің 2014 ж. қаңтар-шілдедегі негізгі тауарлық топтар бойынша өзара сауда-саттығы, млрд АҚШ доллары [1]

КО елдері арасындағы өзара саудадағы тербелістерге қарамастан, 2010-2013 жж. арасында азық-түліктік тауарлар және ауылшаруашылық өнімдермен сауда динамикасы оң трендті көрсетіп отыр. Аталған тауарлар бойынша өзара сауда көрсеткіштері 2010 ж. 4,8 млрд АҚШ долларынан 2013 ж. 8,2 млрд АҚШ долларға дейін артты (1-сурет). Ағымдағы жылдың қаңтар-шілдесінде аталған көрсеткіш 2013 жылдың сәйкес кезеңінің көрсеткіштерінен 4,7% пайызға кем болды және 4,5 млрд АҚШ долларын құрады.

Кедендік одақтың азық-түліктік тауарлар және ауылшаруашылық өнімдермен сауда нарығында өзара сауданың негізгі үлесі Беларусь

Республикасына тиесілі екендігін атап өткен жөн. Оның үлесіне КО нарығындағы азық-түліктік тауарлардың 60,4% келеді (2014 ж. қаңтар-шілде кезеңінде). КО елдеріне Беларусьтың экспортының негізгі баптары болып ет және ет өнімдері, сүт өндірісінің өнімдері, жұмыртқа және бал табылады.

Өз кезегінде, КО нарығындағы азық-түліктік тауарлар және ауылшаруашылық өнімдермен саудада Қазақстанның үлесі 2014 ж. қаңтар-шілдедегі кезеңде 4%-ға жуық көлемді немесе 177,1 млн АҚШ долларын құрады. Бұл көрсеткіштер беларустық өнімдерден 15 есе, ал ресейлік өнімдерден 9 есе кем болып келеді [2].

1-кесте – Кедендік одақ ішінде АӨК өнімдерімен өзара сауда-саттық (2014 ж. қаңтар-шілде) млн АҚШ доллары

Тауарлық топ атауы	Кедендік одақ бойынша жалпы	Соның ішінде:					
		БР	Жалпы көлемдегі үлесі, %	ҚР	Жалпы көлемдегі үлесі, %	РФ	Жалпы көлемдегі үлесі, %
Барлық тауарлық топтар бойынша	32 857,8	9 502,1	28,9	2915,2	8,9	20440,5	62,2
соның ішінде:							
Азық-түліктік тауарлар және ауылшаруашылық өнімдер	4 482,8	2708,7	60,4	177,1	3,9	1 596,9	35,6
2013 ж. сәйкес кезеңіне пайызбен динамика	95,3	96,6	-	52,3	-	102,2	-

Дерек көзі: [2]

Осылайша, қазіргі уақытта КО-тың азық-түліктік нарығында Қазақстанның үлесі 4%-дан аспайды. Біздің ойымызша, қалыптасқан жағдай ел ішіндегі ауыл шаруашылықтық өндірістің төмен көлемімен шарттастырылған. Солай-

ша, 2014 жылдың бірінші жарты жылдығында Қазақстанның ауыл шаруашылықтық өнімінің жалпы өндірісі 3,2 млрд. АҚШ долларын немесе КО-тың жалпы өндірілген ауыл шаруашылықтық өнімінің 8,1% құрады (2-есте).

2-кесте – КО мүше-елдерінің ауылшаруашылықтық өнім өндірісі (2014 ж. I жарты жылдығы)

	Ауылшаруашылықтық өнім өндірісі	
	млн АҚШ доллары	2013 ж. I жарты жылдығына қатынасы, %
КО елдерінде, соның ішінде:	39,3	101,0
Беларусь Республикасы	3,8	95,7
Қазақстан Республикасы	3,2	103,3
Ресей Федерациясы	32,3	101,4

Дереккөзі: [3]

Сонымен қатар, Қазақстандағы ауыл шаруашылық өндірістің өнімділігі мен шығымдылық көрсеткіштері де Кедендік одақтық басқа мүше-елдерінің өндірісінен салыстырмалы түрде төмен болып келеді.


Мысалы, ауылшаруашылық өндірістің өнімділігі мен шығымдылықтың 2013 жылғы көрсеткіштері 2012 жылмен салыстырғанда аранұрғым өскеніне қарамастан бұл деңгейлер Ресей мен Беларусьтің ауылшаруашылықтық өндіріс деңгейлерінен анағұрлым төмен болып табылады (2-сурет).

2-суретте көрініп тұрғандай, 2013 жылы Қазақстандағы ауылшаруашылық өндірістің өнімділігі 2012 жылмен салыстырғанда артты, дегенмен, Қазақстан өнімділік бойынша Ресейден тек көкөністер мен картоптың өнімділігі, ал Беларусьтен аз мөлшерде көкөністер өнімділігі бойынша ғана озып отыр [4].

Қазақстанның малшаруашылығы саласының өнімдері де Кедендік одақ аясында анағұрлым аз

үлеске ие. Дегенмен, 2014 жылдың бірінші жарты жылдығында, 2013 жылдың сәйкес кезеңінің көрсеткіштерімен салыстырғанда, малшаруашылығы өнімдерінің өндірісі арта түсті. Осылайша, мал мен құс өндірісі 3,7% өсіп, 714,9 мң тоннаны құрады, сүт және жұмыртқа өндірісі сәйкесінше 2,2% және 6,6% өсті (сәйкесінше 2485,6 мың тонна және 2024,4 млн Дананы құрады). Бірақ, малшаруашылығы өнімінің өндірісі ұлғайғанына қарамастан, КО мүше-елдерінің малшаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемінде Қазақстанның үлесі мардымсыз болып келеді және 10% жуық көлемді құрайды (3-кесте) [3].

Бұл тұрғыда, экспорттық әлеуеті едәуір жоғары және КО аясында Қазақстанның агро-өнеркәсіптік кешенінің жоғары бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін секторлар ретінде малшаруашылығы, бидай өндірісі және тамақ өнеркәсібі салаларын қарастыруға болады.



2-сурет – Кедендік одақ елдерінде 2012-2013 жж. ауылшаруашылықтық дақылдардың өнімділігі, ц/га [4]

3-кесте – ҚО мүше-елдерінің малшаруашылықтық өнім өндірісі (2014 ж. I жарты жылдығы) мың тонна

Тауарлық топ атауы	Кедендік одақ бойынша жалпы	Соның ішінде:					
		БР	Жалпы көлемдегі үлесі, %	ҚР	Жалпы көлемдегі үлесі, %	РФ	Жалпы көлемдегі үлесі, %
Мал және құс (сойылған салмақта)	7 006	781,8	11,2	714,9	10,2	5 509,0	78,6
Сүт	20 855	3 315,7	15,9	2 485,6	11,9	15 054,1	72,2
Жұмыртқа, млн дана	24 470	1 997,5	8,2	2 024,4	8,2	20 448,5	83,6

Дерек көзі: [3]

Аталған секторлардың Қазақстанда тиімді дамуының негізгі факторларының бірі ретінде егістік жерлермен жоғары қамтамасыз етілуді қарастыруға болады. Қазақстанның егістік жерлермен қамтылуы көрсеткіші ҚО мүше-елдерінің арасында ең жоғарғы екендігін атап айтқан жөн.

Мысалы, Қазақстанда егістік жерлермен қамтылу көрсеткіші жан басына шаққанда 1,5 га-ны құрайды, Ресейде және Беларусьте бұл көрсеткіштер қазақстандық көрсеткіштерден сәйкесінше 1,8 есе және 3,6 есеге төмен [5].

Сонымен қатар, бүгінгі таңда, Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің дамуын тежейтін және оның әлемдік, аймақтық, соның ішінде ҚО аясында бәсекеге қабілеттілігіне кері әсер ететін мәселелердің кең кешені бар.

ҚО аясында Қазақстанның АӨК-нің бәсекелік артықшылықтары мен кемшіліктерін қарастыра отырып ҚО мүше-елдердің әрқайсы-


сында ауылшаруашылықтық өндірісінің өзіндік құрылымы қалыптасқандығын атап өту қажет. Бұл бірініші кезекте табиғи-климаттық шарттардың объективті айырмашылықтарымен шарттастырылған. Қазақстанның табиғи-климаттық шарттары Ресей мен Беларусь елдерінің шарттарымен салыстырғанда едәуір қатаң болып табылады.

Біздің аймағымыздың ерекшелігі болып климаттың қуандығы, жауын-шашынның анағұрлым аз көлемі (Қазақстанда орташа жауын-шашын көлемі жылына 250-300 мм құрайды, ал Ресей мен Беларусьте олардың көлемдері жылына 450-500 мм және 650-700 мм құрайды [6]), сонымен бірге жерлердің шөлейттенуі мен азуы табылады.

Егістік жерлермен жоғары қамтылуға қарамастан, оларды тиімсіз пайдалану мәселесі бар екендігін атап өту қажет. Осылайша, 2013 ж. егіндік алқаптардың негізгі үлесі – жалпы алқаптың

75% - дәнді және бұршақ дақылдарына берілген (2012 ж. салыстырғанда олардың үлесі 2% азайған). Бұл астықты өндіріске қажетті

жерлерді пайдаланудың ғылыми-негізделген нормаларынан артық болып табылады (норма 45-50% көлемінде анықталған) [7].



3-сурет – 2013 ж. ҚР негізгі ауылшаруашылығы дақылдарының егістік алқаптары, %

Өз кезегінде, картоп, көкөністік-бақша дақылдарының және мал азығы дақылдары алқаптарының үлесі әлі күнге дейін төмен болып қалуда (3-сурет). Қалыптасқан жағдай елдің жеке өндірісінің жеміс-жидектерімен және көкөністерімен қамтамасыз етілуіне кері әсерін тигізеді, және аталған өнімдерге деген импорттық тәуелділікті ұлғайтады.

Мал азығы алқаптарының шағын үлесі, олардың төмен өнімділігін қоса ескергенде елдің малшаруашылығы саласына кері әсерін тигізуде. Бүгінгі таңда, Қазақстанда жем, пішендеме, бидай пішендемесі (монокорм) және жемдік қызылша секілді жем-шөп шағын көлемдерде өндіріледі. Малшаруашылығына қажетті мәйекті жем-шөптің өндірісі қажетті көлемнің 31% ғана құрайды [8].


Осылайша, Қазақстанның табиғи-климаттық шарттары: климаттың қуандығы, жауын-шашынның едәуір аз көлемі, жерлердің шөлейттенуі мен жерлерді тиімсіз пайдалану қазақстандық АӨК-нің ресейлік және беларусьтік өндірістен кейін қалуының, және ауылшаруашылығы өндірісінің төмен өнімділігінің себептері болып табылады.

Қазақстанның ауылшаруашылықтық өндірісінің төмен өнімділігінің тағы бір себебі болып ауыл шаруашылықтық техниканың тозуы табылады. Қабылданып жатқан шараларға қарамастан, елдің ауылшаруашылықтық техникасының паркі 80%-дан артық тозушылыққа ие. Және де

аталған көрсеткіш КО мүше-елдердің арасында ең жоғарғы көрсеткіш болып табылады, себебі Ресей мен Беларусьте ауылшаруашылықтық техника паркінің тозушылық коэффициенті 70% құрайды.

Сонымен қатар, Қазақстанда ауылшаруашылықтық техникамен жеткілікті көлемде қамсыздандырылмау мәселесі бар. ҚР АШМ (Ауылшаруашылығы министрлігі) мәліметтері бойынша республика бойынша 1000 га егістік жерге 8,3 трактордан келеді, ал Ресейде бұл көрсеткіш 10 тракторды құрайды, өз кезегінде ең жоғарғы қамтылу Беларусьте болып келеді. Бұнда 1000 га егістік жерге 19 трактор тиесілі екен. Испеттес жағдай ауылшаруашылығы кәсіпорындарының астық жинайтын комбайндармен қамсыздандырылуында да қалыптасқан. Қазақстанда 1000 га егістік жерге 2,8 комбайн келеді, ал Ресей мен Беларусьте бұл көрсеткіш 4,7 және 11 комбайнға тең [4].

Ауылшаруашылық техникасының тозуының жоғары деңгейі, сонымен қатар, топырақ құнарлығының төмендеуінің, ауылшаруашылығы дақылдарының ауруларының және зиянкестерінің тарауының, өнімділіктің төмендеуінің және өнімді жоғалтудың себебі болып табылады. Мамандардың бағалауынша, техниканың жарамды негізгі түрлерінің жеткіліксіздігі жыл сайын өнімнің 15-20% көлемін құрайтын жоғары жоғалуға алып келеді.



4-сурет – 1 жұмысбасты қызметкерге шаққандағы ауылшаруашылығының өнімі, мың АҚШ доллары [9]

Сондай-ақ, ауылшаруашылығы өндірісінің тиімділігі де маңызды көрсеткіш болып келеді. Жалпы КО және ЕЭК (Еуразиялық экономикалық кеңістік) бойынша бір жұмысбасты қызметкерге шаққанда ауылшаруашылығы өнімінің шығарылымы деңгейі 12,9 мың АҚШ долларын құрайды. КО мүше-елдерінің арасында аталған көрсеткіш бойынша көшбасшы болып Беларусь Республикасы табылады, онда 1 жұмысбасты қызметкерге шаққандағы ауылшаруашылығы өнімінің шығарылымы 25,5 мың АҚШ долларына тең. Қазақстанда аталған көрсеткіш КО бойынша ең төмен болып келеді және 5,7 мың АҚШ долларына тең. Ал Ресейде бұл көрсеткіш қазақстандық көрсеткіштен 2,5 есе артық. АҚШ және Канада секілді дамыған елдерде аталған көрсеткіштің орташа деңгейі қазақстандық деңгейден сәйкесінше 30 және 23 есе артық (4-сурет) [9].

Елдің АӨК-нің дамуын ынталандырушы негізгі құралдардың бірі болып мемлекеттік ауылшаруашылығын қолдау және ауылшаруашылығы өнімдерін өндірушілерді субсидиялау табылады. Мемлекеттік қолдаудың жоғары деңгейі шаруаларға ауыл шаруашылықтық техниканы жаңартуға көмектеседі, оларға жаңа технологияларды сатып алуға және қолдануға мүмкіндік береді.

ҚР Ауылшаруашылығы министрлігінің мәліметтері бойынша Қазақстан ауылшаруашы-

лығына мемлекет тарапынан көрсетілетін көмек көлемі бойынша Ресей мен Беларусьтан анағұрлым артта қалып отыр. Ауыл шаруашылығына көрсетілетін мемлекеттік көмектің өндірілген ауылшаруашылығы өнімдерінің жалпы көлеміне қатынасы Беларусьте 18%, Ресейде 6% құрайды. Ал Қазақстанда аталған көрсеткіш 4% тең, бұл өз кезегінде ауылшаруашылығының дамуына кері әсерін тигізеді. Мемлекеттік қолдаудың төмен деңгейінің дәлелі болып келесі мәліметтер табылады: Қазақстанда ауылшаруашылығы дақылдарының егістігінің 1 га-на мемлекеттік қолдау 11 АҚШ долларын құрайды, ал Ресей мен Беларусьте бұл көрсеткіштер 30 және 220 АҚШ долларына тең болып келеді [10].

Мемлекеттік қаржыландырумен қатар, АӨК-нің дамуы мен оның бәсекеге қабілеттілігінің артуында маңызды рөлді инвестициялар атқарады. ҚР агроөнеркәсіптік саласына тартылған инвестициялардың көлемінің көрсеткіштері инвестициялық салымдар үшін аталған сектордың тартымдылығының анағұрлым төмен деңгейін көрсетуде. АӨК-ге инвестициялар көлемінің артуы тенденциясына қарамастан, бұл инвестициялардың Қазақстан экономикасына салынған инвестициялардың жалпы көлеміндегі үлесі әлі де өте төмен болып келеді және 2,8-3,3% шегінде тіркеліп отыр (4 кесте).

4-кесте - 2009-2013 жж. негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі

	2009	2010	2011	2012	2013
Негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемі, млн теңге	4585298	4653528	5010231	5473161	6052906
Ауылшаруашылығының негізгі капиталына салынған инвестициялардың көлемі, млн теңге	77 544	83 586	109 424	133 945	142 149
Тамақ өнеркәсібінің негізгі капиталына салынған инвестициялардың көлемі, млн теңге	50154	56428	44685	64192	57930,2
Ауылшаруашылығы және орман шаруашылығы техникасының өндірісі	565,2	191,4	1917,3	2054	2347,6
Негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінде АӨК салынған инвестициялардың үлесі, %	2,8	3,0	3,2	3,6	3,3
Дерек көзі: [11]					

ҚР АӨК-не инвестициялаудың абсолютті және салыстырмалы шамаларын талдау инвесторлар үшін отандық агробизнес саласына қаражаттарды салу басым бағыт емес екендігін дәлелдейді. Бұл ретте Беларусь пен Ресейде аграрлық сектордың негізгі капиталына инвестициялау үлесі 17% және 3%-дан астам көлемді құрайтындығын атап өткен жөн.

АӨК бірінші ретті секторларындағы жоғарыда аталған мәселелердің кешені Қазақстанның азық-түліктік қамсыздандырылуының ресурстық қамтамасыз етілуін едәуір төмендетеді, оның дамуының жеткіліксіз деңгейін және жергілікті нарықтың қажеттіліктерін қанағаттандыруға қабілетсіздігін шарттастырады. Сәйкесінше, ерекше тауарларды ескермегенде, ресейлік және беларусьтік нарықтарда қазақстандық өнімдер жоқтың қасы. Мамандардың ойынша, қазақстандық азық-түліктік өнімдердің ҚО нарықтарына енуіне және кеңінен таралуына кедергі себептердің бірі болып әлсіз маркетингтік саясат және көптеген тауарлардың РФ мен БР қалыптасқан сапа стандарттарына сәйкес келмеуі табылады. Бірінші кезекте бұндай тауарларға экспорттық маңыздылығы жоғары, ет және ет өнімдері секілді тауарлар жағдайы.

Отандық ет өнімдерінің экспорттық әлеуетін арттыру ауылшаруашылығын және шикізаттық емес салаларды дамытудың басым бағыттарының бірі екендігіне қарамастан, аталған міндеттерді іс-жүзінде орындау келесідей өткір мәселелерге тап болады:

ауылшаруашылығы өндірісінің ұйымдастырылуының төмен деңгейі және оның ұсақ тауарлы өндірісі, өнімнің қанағаттанарлықсыз сапасы. Бұл мәселенің Қазақстан үшін өзектілігі ерекше,

себебі малшаруашылығының мал басының 70% халықтың жеке қосалқы шаруашылықтарында өсіріледі;

мал азықтық жерлерді тиімсіз пайдалану (жайылымдардың тек 30% ғана қолданылады), жайылымдардың қанағаттанарлық емес жағдайы және топырақтың азуының жоғары деңгейі;

малшаруашылығы өндірісінің төмен өнімділігі. Оның көрсеткіштері дамыған елдердің көрсеткіштерінен бірнеше есе кем болып келеді, бұл өз кезегінде нашар тұқымды мал санының көптігінің, мал азығының жеткіліксіз көлемі мен сапасының салдары болып табылады;

әлсіз ветеринарлық база, соның ішінде заңнамалық қамсыздандыру саласында да; жоғары біліктілікті мамандардың жеткіліксіздігі және ветеринарлық қызметкерлердің төмен біліктілігі; ветеринарлық лабораториялардың жеткіліксіздігі және олардың материалдық-техникалық әлсіз жабдықталуы.

Өз кезегінде, азық-түліктік өнімдердің экспорты келесідей мәселелермен шектеледі:

отандық өнімнің азық-түліктік өнімдердің техникалық сипаттамаларының сапа сертификатының стандарттарына және нормаларына сәйкескелмеуі;

шетелдік өнімге бағалық бәсекелестікте анағұрлым жеңілетін қазақстандық өнімдердің өзіндік құнының жоғары болуы (Қазақстандық өнімдердің жоғары өзіндік құны транспорттық шығындарға, т/ж тасымалдарына тарифердің, коммуналды төлемдердің, нарықтағы шикізатқа бағалардың жоғары болуынан қалыптасады);

өндіріс пен өнімді өңдеудің ескірген технологияларын пайдалану, үрдістердің механизациясы мен автоматтандырылуының төмен деңгейі; тамақ және азық-түліктік өндіріске қажетті

шикізаттың көлемінің жеткіліксіздігі, осының салдарынан отандық кәсіпорындар шикізатты шетелден импорттауға мәжбүр болады. Бұл жағдай, өз кезегінде, соңғы өнім құнының жоғарлауына алып келеді.

Осылайша, Қазақстанның агроөнеркәсіптік саласының дамуы, соның ішінде елдің азық-түлік-

тік қауіпсіздігі және жергілікті нарықтардың отандық өніммен толыққанды қамсыздандырылуы, отандық өнімдердің аймақтық және жаһандық нарықтардағы бәсекеге қабілеттілінің артуы ішкі және сыртқы (экспортты) нарықтарды қанықтыру бойынша мүмкіндіктерді шектеп отырған, тежеуші жүйелі мәселелердің кешенімен айқындалып отыр.

Әдебиеттер

- 1 Еуразиялық Экономикалық Комиссияның статистикалық мәліметтері. Қолжетімділік режимі: http://www.eurasiancommission.org/ru/act/integr_i_makroec/dep_stat/test-trade/tables/Pages/default.aspx.
- 2 ҚО және ЕЭК мүше-елдерінің өзара сауда-саттығының құрылымы, ірі тауарлық топтар бойынша, 2014 ж. қаңтар-шілдесі.
- 3 «2014 жылдың I жарты жылдығында Кедендік одақ және Бірыңғай экономикалық кеңістіктің мүше-елдерінің ауыл шаруашылықтарының өндірістік көрсеткіштері» ЕЭК-ның баяндамасы.
- 4 «ҚО және БЭК мүше-елдерінің 2012-2013 жылдары ауылшаруашылықтық өнімдер мен азық-түлік өндірісінің көрсеткіштерінің талдауы» ЕЭК-ның баяндамасы.
- 5 Григорук В.В., Никитина Г.А. Казахстан на продовольственном рынке Таможенного союза// VI международная конференция «Таможенный союз и Единое экономическое пространство ЕврАзЭС: перспективы дальнейшей интеграции». – Алматы, 2011. – С. 1-5.
- 6 <http://www.gosbook.ru/node/80694>
- 7 Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика Комитетінің мәліметтері. Қолжетімділік режимі: http://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/publBullS3-2013?_afLoop=35432419917751#%40%3F_afLoop%3D35432419917751%26_adf.ctrl-state%3D32xrh858_103
- 8 Филатова О.А. “Алматы қаласы Аймақтық қаржылық орталық Рейтингік агенттігі” АҚ «Малшаруашылығы саласын талдау» баяндамасы. – Алматы, 2014. – С. 23-26.
- 9 «Кедендік одақ және Бірыңғай экономикалық кеңістіктің аграрлық нарықның жеке сегменттері бойынша даму жағдайы мен динамикасы» ЕЭК-ның баяндамасы.
- 10 ҚР Үкіметінің отырысында ҚР Ауылшаруашылығы министрі А.С.Мамытбековтың баяндамасы. Қолжетімділік режимі: <http://mgov.kz/doklad-ministra-sel-skogo-hozyajstva-rk-mamy-tbekova-a-s-na-zasedanii-pravitel-stva-rk-v-selektornom-rezhimero-voprosu-ob-itogah-uborki-urozhaya-i-situatsii-na-ry-nke-zerna-12-11-13-g/>
- 11 Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика Комитетінің мәліметтері. Қолжетімділік режимі: http://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeNumbersInvestment?_afLoop=35945055581479#%40%3F_afLoop%3D35945055581479%26_adf.ctrl-state%3D32xrh858_173

References

- 1 Euraziyalıq Ekonomikalıq Komissıyanın statistikalıq malimetteri. Qol zhetimdilik rezhimi: http://www.eurasiancommission.org/ru/act/integr_i_makroec/dep_stat/test-trade/tables/Pages/default.aspx.
- 2 QO zhane EEK mushe-elderin ozara sauda-sattiginın qurylymy, iri tauarlyq toptar boyınsha, 2014 zhyldyn qantar-shildesi.
- 3 “2014 zhyldyn I zharty zhyldygyndaga Kesendik odaq zhane Biryngai ekonomikalıq kenistiktin mushe-elderinin auyıl sharuashylyqtarynyn ondiristik korsetkishteri” EEK-nyn bayandamasy.
- 4 “QO zhane EEK mushe-elderinin 2012-2013 zhyldaryayıl sharuashylyqtyq onimder men azyq-tulik ondirisinin korsetkishterinin taldayı” EEK-nyn bayandamasy.
- 5 Grigiruk V.V., Nikitina G.A. Kazakhstan na prodovol'stvennom rynke Tamozhennogo soyuza // VI mezhdunarodnaya konferentsiya “Tamozhennyı soyuz i Edinoe ekonomicheskoe prostranstvo EvrAzES: perspektivi dal'neishei integratsii”. – Almaty, 2011. – S. 1-5.
- 6 <http://www.gosbook.ru/node/80694>
- 7 Kazakhstan Respublikasy Ul'tyq Ekonomika Ministrlygi Statistika Komitetinin malimetteri. Qol zhetimdilik rezhimi: http://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/publBullS3-2013?_afLoop=35432419917751#%40%3F_afLoop%3D35432419917751%26_adf.ctrl-state%3D32xrh858_103
- 8 Filatova O.A., “Almaty qalasy Aimaqtıq qarzhlylyq ortalyq Reitingtik agenttigi” AQ “Mal sharuashylygy salасыn taldayı” bayandamasy. – Almaty, 2014. – S. 23-26.
- 9 “Kesendik odaq zhane Biryngai ekonomikalıq kenistiktin agrarlyq narqynyn zheke segmentteri boınsha damu zhagdayı men dinamıkasy” EEK-nyn bayandamasy.
- 10 QR Ukimetinin otyrysynda QR Auyıl sharuashylygy ministri A.S. Mamytbekovtyın bayandamasi. Qol zhetimdilik rezhimi: <http://mgov.kz/doklad-ministra-sel-skogo-hozyajstva-rk-mamy-tbekova-a-s-na-zasedanii-pravitel-stva-rk-v-selektornom-rezhimero-voprosu-ob-itogah-uborki-urozhaya-i-situatsii-na-ry-nke-zerna-12-11-13-g/>
- 11 Kazakhstan Respublikasi Ul'tyq Ekonomika Ministrlygi Statistika Komitetinin malimetteri. Qol zhetimdilik rezhimi: http://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeNumbersInvestment?_afLoop=35945055581479#%40%3F_afLoop%3D35945055581479%26_adf.ctrl-state%3D32xrh858_173